

БЕКІТЕМІН :   
МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-  
бақшасының директоры Тулешова Г.Д.






**«Балапан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы ата-  
аналармен жұмыс жоспары**

**«Балапан» кіші тобының 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары**

№	Айлары	Ата-аналар жиналысы	Қосымша жұмыс түрлері	Тәрбиешілер
1	Қыркүйек	Ата-аналармен танысу. Ата-аналар кеңесін сайлау. «Кіші топ» тобындағы оқу-тәрбие жұмыстары	Топпен алаңдағы инвентарды жаңарту. Ата-аналарды бөбекжайды қызметімен таныстыру. «Күн тәртібін сақтау» керек	Алекешева А. Назарова Н. Әдіскер  Медбике
2	Қазан		«Күз кереметі» атты тақырыбында ата-аналармен бірлесе көрме ұйымдастыру	Алекешева А. Назарова Н.
3	Қараша		«Берекелі күз» ертеңгілік. «Алтын күз» жылжымалы папка.	Алекешева А. Назарова Н.
4	Желтоқсан	«Жаңа жылға» дайындық	Баяндама «Ойын баланың ақыл-ойын дамытудың қайнар көзі». Жаңа жыл мейрамына дайындалу. Шыршаны безендіру. Профилактика и пути передачи ОРВИ (с родителями) «Қош келдің Жана жыл!» ертеңгілік.	Алекешева А. Назарова Н. Медбике  тәрбиешілер.
5	Қаңтар		«Аққала соғамыз» ата-аналармен бірлесіп қардан аққала жасау	Алекешева А. Назарова Н.
6	Ақпан		«Жас аналар» сайысы. Жас аналарға қазақ дәстүрін насихаттау.	Алекешева А. Назарова Н.
7	Наурыз	8 наурыз мейрамы «Ұлыстың ұлы күні» (наурыз көже дастарханы)	«Наурыз жыл басы» ертеңгілік. «Кәнекей, әжелер!»сайыс. Наурыз мерекесіне аталған «Құрақ көрпелер» атты ата-аналармен көрме ұйымдастыру	Алекешева А. Назарова Н.

8	Сәуір		«Менің отбасым» атты фотокөрме. Аулаға әдемі гүлдерді егуге, ата-аналармен бірге жүгері,бидай дәндерін егу. «Бірлігіміз жарасқан» ертеңгілік.	Алекешева А. Назарова Н.
9	Мамыр	«Баланың даму» индикаторлық көрсеткіш бойынша әңгіме жүргізу. «Менің баламда қандай өзгерістер байқадым»	«Ұранды ердің – ұрпағы қайсар» ертеңгілік. Ата-аналарға оқу жылының соңында балалар туралы ақпарат беру «Біз бөбекжайда не үйрендік». «Отбасы-бақыт мекені» фотоколлаж.	Алекешева А. Назарова Н.  тәрбиешілер



“ШҰҒЫЛА” бөбекжай-бақшасы

**Тақырыбы:**  
**«Берекелі күз»**

Өткізген: “Балапан” тобының тәрбиешілері  
Алекешева А.  
Назарова С.

Қазан, 2022-2023 жж.

*Атмисілігі*  
**Жүргізуші:** Қарсы алайық бәріміз  
Жасымызбен кәріміз  
Қырдан кепті қыдырып  
Алтын күзде нұр төгіп  
Тілегім аман болсын ел іргесі  
Алтын күз қайта келді ел іргесі  
Молшылықтың жаршысы бола білді  
Алтын күз ырыс береке ала келді

**Құрметті ата-аналар, балалар!** Сіздерді «Берекелі күз» атты ертеңгілігін тамашалауға шақырамыз.

Алтын күз мерекесіне балаларды қарсы алайық.

**Тақпақтар.**

**Ханшайым.** Шоғы толған гүлдей жайнап

Жарқырайды Алтын күз

**Қайсар.** Қазан айы молшылық

Дәулет қорын қалаған

**Тамерлан.** Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді

**Нұрислам.** Сара ала тон жамылған

Күз атамыз секілді

Қойны толы дәмді нан

Тәттісі көп не түрлі

**Хамза.** Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді.

**Кәусар.** Алтын сары қызыл, қызыл, көк

Алуан-алуан жапырақ

Күзгі бақтар күлімдеп

Көз тартады жалтырап

**Музыка.** Әуенмен «Күз ханшайымы» кіреді, балалармен амандасады.

**Жүргізуші.** Күз мезгілінде қандай өзгерістерді байқайсындар.

**Балалар.** Күн суытады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, жапырақтар жерге түседі. Күн суытады, ауа-райы бұзылып жаңбыр жауады.

**Жүргізуші.** Біз көңілімізді түсірмейік. Күз мезгілі тамаша бізге молшылық береке әкеледі.

**Би:** «Жапырақтар»

**Жүргізуші:** Күзде жаңбыр жауады

Ойнатпайды біздерді

Қолымызда қолшатырмен

Ойнауға біз барамыз.

«Қолшатыр» биі.

**Күз.** Күз мен сендердің өнерлерінді тамашаладым. Енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

**Ойын.** «Бау-бақшадан жеміс-жидектер жинайық».

**Жүргізуші.** Күзде, күзде жаңбыр жауады.

Ойнатпайды біздерді  
Күзде, күзде жапырақтар  
Желмен бірге ұшады.

**Күз:** Мен ойын ойнағым келеді.

**Ойын.** «Дәміне қарай ажырат».

**Сән көрсету.** Қыздар мен ұлдар үйден дайындаған сәндік киімдерді киіп ортаға шығады.


**Күз.** Ал, балалар мен сендерге көкөністер мен жемістер әкелдім, өнерлеріне рахмет. Енді сендермен қоштасайын. Сау болыңыздар!

**Жүргізуші:** Балалар, қонақтар біздің күз мерекесіне арналған «Берекелі күз» ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі мерекеге дейін сау болыңыздар!





Республика  
күні  
“Балапан” кіші  
топ



«Шұғыла» бөбек жай – бақшасы

**«Ойын – баланың ақыл – ойын  
дамытудың қайнар көзі»**

*(баяндама)*

Өткізген: «Балапан» тобының тәрбиешілері:

Алекешова А.М

Назарова Н.С

2022 – 2023 оқу жылдары

## Ойын – баланың ақыл – ойын дамытудың қайнар көзі

Мектепке дейінгі балалар мекемесінде балаларды тәрбиелеумен оқытудың негізгі қайнар көзі – ойын. Ойын баланың даму құралы, таным көзі және жеке тұлға ретінде қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі. Ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болады. Балалар ойынының тәрбиелік мәнін жоғары бағалай келіп, Макаренко былай дейді: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор. Ересек адам үшін еңбектің, тұрмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы зор. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан, келешек қайраткерлерді тәрбиелеу, алдымен, ойыннан басталады». Ойын кезінде сөйлеу процесі үлкен рөл атқарады. Себебі, бала үн – түнсіз ойнамайды. Тіпті жалғыз жүргеннің өзінде де бала сөйлеп жүреді. Сөз ойын әрекетін сүйемелдеушісі болып табылады, бейнені, оған баланың өз қатынасын толығырақ ашады.

Ойын процесінде сөйлеу қарым – қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп балалар пікірлесіп әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі элементтері мыналар: ойынның түпкі ниеті; сюжеті немесе мазмұны; ойын әрекеттері; рөлдер. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалардың өзінше бір іс – әрекеті ретінде көрсетеді. Бала өміріндегі ойындардың түрі өте көп: сюжеттік, қимылдық, дидактикалық, драматизациялық.

Сюжеттік рөлді ойынға тоқталатын болсақ, тәрбиеші балаларға ойынның мазмұнын түсіндіре отырып ойынның ұйымдастырушысы болуға, балаға жақын болуға тиіс. Көбіне «шаштараз», «Дәріхана», «Дүкен» ойындары жиі ойналады. Ойындарды ойната отырып, балаларды әдептілікке, мейірімділікке, кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Ойын кезінде балалар «кешіріңіз», «сәлеметсіз бе?», «рахмет», «алуға бола ма?», «рұқсат па?», «сау болыңыз» деген жаңа сөздерді үйренеді. Сөйлеу арқылы балалар ойынды қызықты етіп өткізеді. Қимылды ойынның түрлері көп: «Тышқан мен мысық», «ақ қоян», «Ақ серек, көк серек» көп ойнатылады және балалар қызығушылықпен ойнайды. Мысалы: «Тышқан мен мысық» ойынын ойнау арқылы балалардың жылдам қозғалысы дамиды.

Дидактикалық ойын тіл дамыту, математикалық ҰОД – де көп пайдаланылады. Балалар түсті, пішінді ажырата білуге, сөздерді толық айтуға үйренеді. Мысалы, «Сиқырлы қалпақ» ойынында тәрбиеші қалпақтың астына әртүрлі фигуралар жасырады. Қалпақты көтеріп, бала бір фигураны таңдап, сол туралы толық әңгімелеп, суреттеп береді.

А.Сухомлинский «Адам балалық шағында эмоционалдық мектебінен өту керек» деп жазған. Сол сияқты біз балаларды қарапайым, ілтипатты, бауырмал етіп тәрбиелеуіміз керек. Бұған қуыршақ ойының алуға болады. Мысалы, «Бізге қуыршақ қонаққа келді» деп ойынның тақырыбын алатын

болсақ, бұл ойын кезіндегі тәрбиешінің міндетін баланы ойын кезіндегі тәрбиешінің міндетін баланы қуыршақпен бір – біріне инабатты қарым-қатынасын қалыптастыру.

Драмматизациялық ойынында тәрбиеші балаларды әр рөлге бөліп сол бойынша ойнатады. Ертегі кейіпкерлері түрінде ойнатуға болады. Мысалы, «мақта қыз бен мысық» ертегісінде балаларды сол бойынша дайындап, рөлдерге бөліп, ертегі желісі бойынша ойнатады. Драмматизациялық ойынды балалар ерекше қызығушылықпен, жақсы көңіл күймен ойнайды.

Бұл ойындардың барлығын ойнату арқылы жақсы нәтижеге жетуге болады. Балалар өз беттерімен ойындарды ойнай отырып, қимыл – қозғалыстары, сөйлеу мәнері де жақсы дамиды. Сондықтан да бала өміріндегі ойынның маңызы зор. Баланың ақыл – ойының дамуына қимыл – қозғалысының, сөйлеу тілінің жетілуіне ықпалын тигізеді.

“ШҰҒЫЛА” бөбекжай-бақшасы

***«Құтты болсын,  
Жаңа жыл!»***

Өткізген: “Балапан” тобының тәрбиешілері  
Алекешева А.М.  
Назарова Н.С.

2022-2023 оқу жылдары

### «Құтты болсын, Жаңа жыл!»

Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязтаның, Ақшақардың киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Қатысушылар: жүргізуші, Аязата, Ақшақар, Сайқымазақ, Тышқан, балалар, ата - аналар.

Музыка ойнап тұрады.

**Жүргізуші:** Армысыздар, аяулы тәрбиешілер, ата - аналар! Сәлеметсіздер ме, балалар. Сендер бүгін, сәнді киініп, әдемі болып кетіпсіңдер. Мына жерде орман аңдары, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері де жетіпті. Ал, бүгін балалар, қандай мереке?

**Балалар:** Жаңа жыл!

**Жүргізуші:** Балалар бүгін біз Жаңа жылды қарсы алуға жиналдық. Келіндер, сән құрап тұрып, қол ұстасып жүріп ән салайық.

**Ән:** «Айналамыз шыршаны».

**Жүргізуші:** Балалар, ортамыздағы әсем не?

**Балалар:** Шырша!

**Жүргізуші:** Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Ал, кім бізге шыршаға арналған тақпақтарын айтып береді екен?

Жаңа жыл, Жаңа жыл  
Жаңа жылға жаңа жыр  
Жасыл шырша жанында  
Билеп барлық бала жүр.

Тауда туып, тауда өсіп  
Шырша келді ортаға  
Қандай жақсы шыршамыз  
Ән шырқайық баршамыз.

Ақ қырауға малынған  
Сақалы да, мұрты да  
Аяз ата сағынған,  
Сәлем берді жұртына.

Тамаша, тамаша,  
Шыршамыз тұр жараса.  
Басында әсем жұлдызы,  
Көз тоймайды қараса.

**Жүргізуші:** Балалар, қараңдар, ін!  
-Тук, тук, тук, бұл інде кім тұрады!  
Тыныш, балалар, естіп тұрсындар ма?  
Жіңішке дауыспен біреу ән шырқап жатыр!

**Тышқан:**  
Сәлеметсіз бе, балалар!  
Мен қорқақ сұр тышқанмын.  
Суықта інде тығыламын.  
Жалғыз өзім қалың қардың астында тұрамын  
Сіздерді де қонаққа шақырамын!

**Жүргізуші:** Рахмет шақыруына саған, сұр тышқан! Ал, сенің інінде кішкентай шырша бар ма?

**Тышқан:**  
Шырша бар ғой, бірақ қонақтар жоқ,  
Тездетіп келіндер!  
Сіз маған шыршаны безендіруге көмектесесіз бе?

**Жүргізуші:**

Әрине!

**Ойын «Шыршаны безендіру».**

**Тышқан:**

Жарайсындар,балалар!

Қандай әдемі қылып шыршаны безендірдіңдер!

Осындай шырша үшін мың алғыс айтамын

Және сендерге сиқырлы қоңырау силаймын!

**Жүргізуші:**Рахмет,саған тышқан! Қоңырау,сыңғырла,Ақшақарды шақыра.

**Ақшақар:** Сәлеметсіңдер ме, балалар! Орманды көктей өтіп жеттім - ау сендерге. Қандай әдемі, неткен сұлу шырша! Мен білемін бір ойын үйретейін сендерге.Мен бастайын, ал, сендер аяқтаңдар ойынды.

Хормен жауап айтыңдар! Қарға мүлгіп дала тұр, келе жатыр....

**Балалар:** Жаңа жыл!

**Ақшақар:** Қызыл мұрын, ақ мұртты білсең атын тез ата, келеді бізге.....

**Балалар:** Аязата!

**Ақшақар:** Шырша бүгін кәделі! Сендер әрі....

**Балалар:** Әдемі!

**Ақшақар:** Көңілсіз бір бала жоқ, ойын – күлкі таралсын.

Құтты болсын....

**Балалар:** Жаңа жыл! (3 рет)

**Ақшақар:**

Жасыл шыршада ойыншықтар көп екен,

Бұл қандай ойыншық?

Әрине,Сайқымазақ!

**Жүргізуші:**

Біздің сиқырлы қоңырауымыз қайда екен? Ал, канекей сұр тышқан сыңғырлат Сайқымазақты оят!

**Сайқымазақ:**

Кел, билейін сенімен

Дедім –тартып жеңінен

Еріп кетпе, Ақшақар

Адамдардың деміне

**Жүргізуші:**

Ал кәнекей тұрайық

Үлкен шеңбер құрайық

Сайқымазақты ортаға шақырайық!

**Ақшақар:** Сайқымазақ,сенің қапшығыңда не бар екен?Мүмкін салқын ұлпа қарлар?

**Сайқымазақ:** Жоқ! Дұрыс емес! Қазір балалар өздері көреді. (Сылдырмақтарды алып шығады).

**Би «Сылдырмақтар».**

**Жүргізуші:**

Ақшақар ,ал Аяз ата қайда?

**Ақшақар:**

Атамызды шақырайық,Мерекемізді жалғастырайық!

**Ән « Аяз ата Ақшақар ».**

**Аязата:**

Сәлеметсіздер ме, балалар!

Күңтізбеде қалыпты жалғыз ғана бір парақ,

Дайындалдым жыл бойы,

Жолға шығар келді уақ!

Шақырымды жүздеген

Басып өту мен үшін

Жаңа жылдың түнінде

Жасыл шырша түбінде.

Кездесем деп сендермен,

Тарасам екен сыйлықтар,

Одан асқан не сый бар.

Қуаныш сыйлау балаға

Одан зор бақыт бола ма!

Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!

Балалар, мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Кәне, сиқырлы сөздерімізбен оның шамдарын жарқыратайық!Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат! (3 рет айту керек)

**Ойын « Шырша шамдары».**

**Аяз Ата:** Ой, бәрежелді, балаларым! Ал мен туралы өлең білесіз бе?

**Ән:** «Аяз Ата»

**Ақшақар:** Аяз Ата, ал сен ұлпақарларды ұмытып кеткен жоқсың ба?

**Аяз Ата:** Жоқ! Ұмытқан жоқпын, міне (көрсетеді).

**Ақшақар:** Ұлпақарларды аламыз, биге бірге барамыз!

**Би «Ұлпақарлар».**

**Ақшақар:**

Балалар өте жақсы биледі!

**Аяз Ата:**

Ал енді қар лақтырып ойнайық.

**Ойын «Ұлпақарларды жинау».**

**Би «Достар».**

**Аяз Ата:**

Ал, балалар маған сиқырлы орманға оралуға тура келеді...

**Ақшақар:**

Ата, сен ештеңе ұмытып кетпедің бе?

**Балалар:** Силықтар!

**Аяз Ата:** Көмекшілерім! (Тышқанмен Петрушка Сыйлықтарды әкеледі).

**Ақшақар:** Мінекей, балалар, сендермен қоштасатын да кез келді.

Сендерді қимай тұрмыз, барлығың да көңілді, әдемі бала екенсіңдер.

**Аяз ата:**

Жаңа жылда, балалар, тек қуаныш көріңдер.


Ауырмандар ешқашан, мықты болу өзіңнен.

**Ақшақар:**

Жаңа жылда, балалар, тек жақсылық көріңдер.

Жылау, ауру, жамандық қастарыңда болмасын.

Сау болыңдар, балалар!





*«Аққала соғамыз»*



«Шұғыла» бөбекжай – бақшасы

# *«Аяулы Анашым!»*

Өткізген: «Балапан» тобының тәрбиешілері

Алекешова А.М

Назарова Н.С

2022 – 2023 оқу жылдары

**Жүргізуші:** Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,  
Ана дейді жас сәби де жарқылдап,  
Ана деген бәйтерегі өмірдің,  
Ана деген алтын қазық алтын бақ.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Қымбатты қонақтар,  
сүйікті аналар, әжелер, ұстаздар бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз  
құтты болсын! Мерекелік ертеңгілімізді тамашалауға шақырамыз.

**(Сайқымазақ кіреді):** Сәлеметсіз бе, балалар! Мен сайқымазақпын, мен  
қайда келдім?

**-Балалар:** Бізден аналарға, әжелерге арналған ертеңгілік болып жатыр.

**-Сайқымазақ:** Сендермен бірге ертеңгілікті тамашалауға болама?

**-Балалар:** Әрине болады.

**Өлең:** «Топ топ балақан».

**Жүргізуші:** Балалар, жылдың қай мезгілі қазір?

-дұрыс айтасындар, көктемнің бірінші айы.

Балалар, бізге қонаққа көктем келгісі келеді.

Қарсы аламызба?

-Ия.

Міне, көктемнің өзі де келді.

Көктем сен бізге қандай жаналығынмен келдің?

-Балаларымызды, қонақтарымызды мерекемен құттықтауға келдім. (көктем  
құттықтау сөзін айтады)

-Сіздің мейрамыңызды тамашалауға келдім. Сендермен бірге көңіл көтеруге.

**Ән:** «Көктем»

**Тақпақтар:**

Қайсар: Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіне

Ана деген керемет

Құтты болсын мейрамын

Каусар: Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Құтты болсын мейрамын

Құттықтаймын анашым

Ханшайым: Бал бөбегін баптаған

Ана үшін мақтанам

Нурислам: Ақ сүтін берген анашым

Ақылды менің анашым

Әділет: Әжем менің асыл әжем

Жақсылыққа үйретіп

Жамандықтан шектейді

Әжеме ешкім жетпейді

Тамерлан: Анашым менің анашым

Құтты болсын мерекең

**Би:** «Ұлдар биі»

**Ән:** «Айналайын мама»

**Ойын:** «Күн мен жаңбыр»

**Би:** «Көңілді күй» (қыздар биі)


**Жүргізуші:** Ал, көктем саған біздің мерекеміз ұнады ма?

**Көктем:** Ия.

**Жүргізуші:** Мереке баршамызға құтты болсын! Келесі 8 наурыз мерекесіне дейін жүздескенше, сау болыңыздар!







«Құрақ көрпелер»





*«Наурыз жыл басы»*

«Шұғыла» бөбекжай – бақпасы

# ***«Ал, қәнеки әжелер»***

(сайыс)

Өткізген: «Балапан» тобының тәрбиешілері:

Алекешова А.М

Назарова Н.С

2022 – 2023 оқу жылдары